

В ТО ВРЕМЯ КАК ТРАНСПОРТ СТАНОВИТСЯ ВСЕ БОЛЕЕ МУЛЬТИМОДАЛЬНЫМ И ПОЯВЛЯЮТСЯ НОВЫЕ ВОЗМОЖНОСТИ ДЛЯ УЛУЧШЕНИЯ СУЩЕСТВУЮЩИХ И РАЗВИТИЯ НОВЫХ ЕВРОАЗИАТСКИХ ТРАНСПОРТНЫХ СЕТЕЙ, МУЛЬТИМОДАЛЬНОЕ ТРАНСПОРТНОЕ СООБЩЕНИЕ ВОСТОК – ЗАПАД МОЖЕТ СЫГРАТЬ ВАЖНУЮ РОЛЬ В БУДУЩЕМ. НАША СТРАНА ЯВЛЯЕТСЯ КЛЮЧЕВЫМ ЗВЕНОМ, СОЕДИНЯЮЩИМ ЕВРОПУ И ВОСТОЧНУЮ АЗИЮ, А ТАКЖЕ ВАЖНЫМ РЕГИОНОМ ДЛЯ ИНИЦИАТИВ КИТАЯ «ОДИН ПОЯС, ОДИН ПУТЬ» И ЕВРОПЫ GLOBAL GATEWAY.

Талгат ЛАСТАЕВ,  
вице-министр транспорта Республики Казахстан



№94 (2911)  
10/11/2023

# ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА  
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

## ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА

## ВЫШЕ ОБЪЕМЫ – БОЛЬШЕ ЗАДАЧ

**Вопросы содержания и развития магистральной железнодорожной сети обсудили вчера на инфосессии в АО «НК «ҚТЖ».**

Любовь РОВБА,  
Астана

В мероприятии, предшествующем V Форуму по производственной безопасности в Астане, приняли участие заместитель председателя правления АО «НК «ҚТЖ» Канат Альмагамбетов, директор департамента безопасности движения Марат Шакиенов, руководство Дирекции магистральной сети (ЦЖС), ее департаментов и региональных филиалов.

Инфосессия предполагала свободную дискуссию и обмен мнениями по существующим проблемам и стоящим перед компанией задачам.

Центральный аппарат ЦЖС – главный филиал в структуре ҚТЖ, и от вашего взаимодействия и слаженной работы зависит выполнение всех показателей компании, в том числе по охране труда и безопасности движения, – отметил в приветственном слове Канат Альмагамбетов.

Он проинформировал, что в этом году наблюдается рост грузооборота на 6-7,5%.

По итогам года он может достичь 260 миллиардов тонно-километров – рекордного показателя за годы независимости нашей страны. При этом фактически по железной дороге Казахстана перевозили вдвое больше. В 1990-1991 годах грузооборот достигал почти 500 миллиардов тонно-километров. Это говорит о том, что у



нас еще есть резервы и возможности для увеличения перевозок. А когда перевозки растут, наша с вами задача – обеспечивать инфраструктуру и необходимые скорости, – подчеркнул Канат Альмагамбетов.

По поручению Главы государства до конца 2029 года необходимо провести ремонт почти 11 тысяч километров пути. Эти цифры совпадают и с планами ҚТЖ. В 2023 году разными видами ремонта охвачено более 1 300 километров железнодорожного полотна, что на 200 километров больше, чем в предыдущие годы. Это и капитальный, и средний усиленный ремонт, замена опор и т.д.

В этом году в ҚТЖ приняли программу по ликвидации «узких мест». В последние два-три года компания начала работу по восстановлению демонтированных станций, разъездов и готовится к возобновлению функционирования сортировочных систем.

– На сегодня главный препон –

оформление необходимых проектных документов. Поэтому создана проектная группа, которая будет делать ПСД для небольших срочных проектов по расширению узких мест, восстановлению станций, путей и т.д. Для больших, конечно, привлекаются проектные институты, – сказал Канат Альмагамбетов.

Он проинформировал собравшихся о том, что до конца года будет дан старт строительству трех крупных проектов – обводной железной дороги в обход Алматы, линии Дарбаза – Мактаарал и нового погранперехода Аягөз – Бахты.

Хорошими темпами ведется строительство вторых путей на участке Достык – Мойынты. Из семи миллионов кубометров земляного полотна отсыпано 5 миллионов, решетка уложена на 135 километрах. В этом году планируется завершить укладку решетки на участке Достык – Балхаш. Канат Альмагамбетов поблагодарил руководство Алматинского и Караган-

динского отделений за слаженную работу и обеспечение беспрепятственного пропуска поездов по главному пути.

Многое сделано и для улучшения социально-бытовых условий работников компании. Канат Альмагамбетов призвал руководителей на местах своевременно реагировать и сообщать о возникающих проблемах и нуждах отделений.

Вопросы повышения безопасности движения поездов в своем докладе осветил Марат Шакиенов, поручив ряду отделений усилить работу в этом направлении и исключить повторяемость нарушений.

Обсудили участники также программу развития МЖС до 2030 года, производственную программу по ремонту пути до 2029 года, капитальный ремонт железнодорожных вокзалов, организацию и проведение «око» смежных служб, кадровые вопросы, охрану труда и другие.

Фото Александра ЖАБЧУКА

## ЭЛЕКТРОНДЫ ҚҰЖАТТАМА ТАЛҚЫЛАНДЫ



«Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ мен «Ўзбекистон темір йуллари» АҚ басшылары ҚР Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті мен Өзбекстан Республикасы Мемлекеттік кеден комитеті өкілдерін шақыра отырып, бейнеконференция форматында кездесу өткізді.

Қатысушылар Қазақстан Республикасы аумағына әкелінетін жүктер туралы электрондық деректермен алмасу, тасымалдаушылардың аппараттық жүйелерін одан әрі интеграциялау, сондай-ақ кеден органдарымен өзара іс-қимыл мәселелерін талқылады.

Кездесуде ҚТЖ-ның өндірістік процестер жөніндегі басқарушы директоры Бауыржан Орынбасаров Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы теміржол көлігімен жүк тасымалы өсімінің оң серпімін атап өтті. 2023 жылдың 9 айында тасымалдау көлемі 23 млн тоннаны құрады, бұл 2022 жыл көрсеткішінен 24% жоғары. Өзбекстанға экспорт 30% өсіп, 9,8 млн тоннаға жетті. Астық экспорты 30% (2,6 млн тонна), көмір экспорты 2 есе (2,1 млн тонна) өсті.

Қазіргі уақытта екі ел теміржолшылары теміржол жүкқұжаты және тауарға ілеспе құжаттардың көшірмелерімен жүктерді тасымалдау бойынша электрондық деректерді алмасу, халықаралық жүк қатынасында қағазсыз тасымалдауды ұлғайту үшін кеден органдарымен және тасымалдаушылармен электрондық өзара іс-қимыл жүзеге асыруда.

Мамандар сөзіне қарағанда, транзиттік тасымалдарда тасымалдау құжаттарының электрондық алмасуын пайдалану жүк жөнелтушілер мен жүк қабылдап алушыларға айтарлықтай экономикалық әсерін тигізбек, сонымен қатар жүк тасымалын жылдамдатып, құжаттарды ресімдеуді жарты сағатқа дейін шапшаңдатады және түйіспе мемлекетаралық пункттер арқылы қабылдауды және тапсыруды арттырады.

Нұрбек БЕКЕН



Жұмабек БЕЙСЕНОВ,  
Шар локомотив жөндеу  
депосының директоры:

## Тасымал ЭКСПОРТ КӨЛЕМІ ҰЛҒАЙҒАН

Осы жылдың үш тоқсанында Қазақстан мен Ресей арасындағы теміржол көлігімен жүк тасымалының көлемі өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 5,2% өсіп, 68,7 млн тоннаны құрады.

Ислам ТАЛҒАТ,  
Астана

Соның ішінде Ресейге темір кені экспорты 47%-ке, қара металл 15%-ке ұлғайса, Ресей Федерациясы арқылы химиялық заттар 32%-ке, астық 57%, ұн 81%, химиялық және минералды тыңайтқыштар 2,3 есеге, ал асбест 2 есеге өскен.

Сонымен қатар Ресей – ҚХР – Ресей

бағыты бойынша контейнерлік тасымалдар 2 есе ұлғайса, Солтүстік – Оңтүстік көлік дәлізінің Шығыс бағдары бойынша жүк тасымалы 1,5 есеге артқан.

Бұл дәліз ЕАЭО мен Оңтүстік Азия, Шығыс Африка және Таяу Шығыс елдері арасындағы жүктерді тасымалдау үшін ең қысқа қашықтықты қамтамасыз етеді, сондай-ақ экспорттық және транзиттік тасымалдарды қамтамасыз ету әлеуетіне ие.

## АСТЫҚ КЕРУЕНІ КЕДЕРГІСІЗ ӨТУДЕ



Күзгі жиын-терім жұмыстары аяқталды. Осыған орай бүгінгі таңда барлық өңірде астық дақылдары, ауылшаруашылық маңыздағы жүктер тасымалы қарқын алған. Астық өнімдері негізінен контейнерлік вагондармен тасымалданатындықтан, соңғы айда жүк жөнелтудің осы түрі бойынша көрсеткіштер көлемі күрт артып отыр.

Қуаныш ҚОЖАЕВ,  
Семей

Ел шығысында да логистика саласындағы жұмыс қарбаласқа толы. Семей жүк тасымалы бөлімшесі бойынша тиелініп-түсірілетін жүктер арасында бір ғана астық тасымалының өзі көмір және түсті металдан кейінгі үшінші орынға көтерілді. Биыл аймақ көлемінде жылдық қуаттылығы 180 мың тонна астық өңдей алатын 7 лицензияланған кәсіпорын жұмыс істеуде. Яғни бұрынғы жылдарға қарағанда тапсырыс көлемі артқан. Бұл кәсіпорындарға қараша айының 1 күнгі көрсеткіше сүйенсек, 45 830 тоннаның астығы жеткізілген. Осылайша бөлімше бойынша жабық контейнерлермен тасымалданатын сусымалы өнімдерді уақыт оздырмай дер кезінде диттеген жерге жеткізу міндеті күн тақырыбына көтерілген. Сондықтан вагондар тапшылығын болдырмау мақсатындағы жұмыстар күн тәртібіне шығып

отыр. Бөлімшенің барлық жүк станциялары басшыларына бірінші кезекте вагондарды ауылшаруашылық өнімдерін жеткізуге жұмылдыру, келіп түскен тапсырыстарды бір тәуліктің ішінде қарау тапсырылған. Ол үшін сәйкесінше тәулік бойы кезекшілік белгіленді.

Қазіргі таңда бір ғана бидай тасымалының апталық көрсеткіші бес мың тоннадан асып отыр. Оның сыртында Ауыл, Белағаш, Аягөз, Шемонайха, Жаңа-Семей және Семей сынды тораптық жүк станцияларынан тиелінетін күнбағыс пен рапс сынды майлы дақылдар тағы бар. Бұл орайда бөлімшедегі контейнерлік тасымал аптасына төрт мың тоннаны құрап отыр.

– Қазіргі таңда станциялар бойынша жүк тиеу, түсіру мен жеткізуде кедергі жоқ. Вагондар жеткілікті. Астық тасымалында қолданыста жабық хоппер вагондар бар. Сусымалы тауарлар тасымалындағы барлық техникалық процестер жіті қадағалауда, – дейді Семей ЖТ бөлімшесінің логистика



және тасымалды ұйымдастыру бөлімінің аға инженері Айтолкын Мұхамедиярова.

Сонымен қатар бөлімше директорының логистика бойынша орынбасары Талғат Зиядановтың басшылығымен бірқатар ілкімді шаралар қабылданған. Атап айтсақ, тәуліктік вагон айналымы, тәуліктік жүк тиеу мен түсіру процесі, яғни логистика және коммерциялық жүк тасымалына қатысты жүргізіліп жатқан шаралар арнайы есепке алынып, межелі істер жиын барысында талқыланады.

Атқарылып жатқан жұмыстар Семей ЖТ бөлімшесі бастығының міндетін атқарушы Алмас Сейсемқановтың назарында тұр.

Суретті түсірген автор

## НАДЕЖНОЕ СОПРОВОЖДЕНИЕ



АО «НК «ҚТЖ» обеспечивает перевозку сжиженного газа железнодорожным транспортом. Все заявки грузоотправителей выполняются на 100%, объемы вывозятся, запасы порожних цистерн под погрузку имеются на несколько суток вперед.

Так, за октябрь во все регионы доставлено 140 тысяч тонн сжиженного природного газа (СПГ), план выполнен на 100%.

В ноябре заявлен план 160 тысяч тонн. За 7 дней погружено 35 тысяч тонн. Выполнение плана составляет 107%.

На сроки доставки влияет неравномерная, единичная и встречная погрузка газа грузоотправителями по регионам.

АО «НК «ҚТЖ» неоднократно отмечало необходимость принятия Министерством Энергетики Республики Казахстан, исчерпывающих мер для нормализации логистики. Однако, должных мер до настоящего времени не принято.

Кроме того, Министерству энергетики совместно с акиматами регионов необходимо было проработать выделение достаточных квот на отгрузку газа.

Так, в октябре, из-за ремонта АНПЗ и несвоевременной корректировки квот имелись перебои с предоставлением заявок на отгрузку СПГ в такие регионы как Шымкент, Астана, Кызылорда и Атырау.

В АО «НК «ҚТЖ» круглосуточно работает штаб по перевозке нефтепродуктов. Движение вагонов находится на особом контроле.

Для контроля за продвижением груженых и порожних вагонов выделены отдельные диспетчеры, обеспечивается нормативный оборот подвижного состава, повышена эффективность работы станций за счет маршрутизации перевозок. Для организации транспортировки используются специализированные вагоны-цистерны. Всего в Казахстане насчитывается 16,5 тысяч таких вагонов.

Жаслан РАХИМОВ

ШАР ЛОКОМОТИВ ЖӨНДЕУ ДЕПОСЫНЫҢ БАСТЫ ҚЫЗМЕТТІК ҰСТАНЫМЫ – ӨНДІРІСКЕ ЗАМАНАУИ ЖАҢАШЫЛ ТӘСІЛДЕРДІ ЕНГІЗЕ ОТЫРЫП, СЕРВИСТІ ЖАҢА САТЫҒА КӨТЕРУ. ОСЫ ОРАЙДА БІЗ «ЭВОЛЮШН» СЕРИАЛЫ ТЕПЛОВОЗДАРДЫҢ ҚОС ДОҢҒАЛАҒЫН ЖӨНДЕУДІ КҮЛЛІ ҚАЗАҚСТАН БОЙЫНША АЛҒАШ ИГЕРДІК

## ЦИФРЫ ГОВОРЯТ:

СВЫШЕ  
**210** млн тонн  
ГРУЗА ПЕРЕВЕЗЕНО  
ПО СЕТИ АО «НК «ҚТЖ»  
С НАЧАЛА ГОДА.

ПАРК ПОДВИЖНОГО СОСТАВА  
АО «ҚАЗТЕМІРТРАНС»  
ПОПОЛНИЛСЯ  
**50**  
НОВЫМИ ПОЛУВАГОНАМИ.

ЗА 10 МЕСЯЦЕВ 2023 ГОДА  
БОЛЕЕ  
**157** тыс.

ПАССАЖИРОВ  
ВЫКУПИЛИ ЖД БИЛЕТЫ  
БЛАГОДАРЯ СЕРВИСУ  
«ЛИСТ ОЖИДАНИЯ».



## ЖӨНДЕУДЕН ӨТТІ

**Ардақ ЕРУБАЕВА,**  
Ақтөбе



ВОКЗАЛ

«Ғасыр құрылысы» атанған «Хромтау – Алтынсарин» магистралі бойындағы Әйтеке би вокзалы жөндеуден өтті. Ғимараттың қасбеті жаңарып, күту залы әсем де әдемі түрге енді.

Әрине, темір жол вокзалдары әр өңірдің «визиткасы» сынды. Әйтекеге келген-кеткен, тіпті пойызбен өткен жолаушы халықтың елді мекен туралы алғашқы әсері осы вокзалдан, оның қызметінен бастала- тыны да белгілі. Сондықтан пайдалануға берілген жиырма жылға жуық уақыттан кейін биыл Әйтеке би вокзалына жөндеу жұмыстары жүргізіліп отыр.



Әйтеке би станциясындағы белгі беру және байланыс дистанциясының бастығы Серік Екібаевтың айтуынша, вокзалдың төбе жабындысы да жаңартылып, кейбір кемшін тұстар реттеліп жатыр. Қазіргі уақытта ғимараттың қасбеті толық боялып бітті. Вокзал ішіндегі жолаушыларға арналған күту залы да көз тартарлықтай жаңарып қалды.

Вокзал ғимаратында жолаушыларға сервистік қызмет көрсету жақсы жолға қойылған. Жолаушылардың игілігі үшін өзіне-өзі қызмет көрсететін төлем терминалдары бар. Пойыздардың жол жүру кестесі, ақпараттық-анықтама тақтасы, ұжымдық пайдалану таблицасы, ақпараттық дүңгіршік те вокзал ішінен табылады. Аймақ тарихы көрсетілген тақырыптық инсталляцияны да көруге болады. Мүмкіндігі шектеулі жандар үшін барлық жағдай жасалған.

*Суретті түсірген автор*

## КЕЗ КЕЛГЕН СЫНАҚҚА ДАЙЫН

**Ардақ ҮСЕЙІНОВА,**  
Жамбыл



ОҚУ-ЖАТТЫҒУ

Кәсібилік! Міндет! Жауапкершілік! Бурыл станциясында өткен тактикалық-арнайы оқу-жаттығуда сала мамандары осы үш талаптың үдесінен шыға білді.



Маневрлік локомотив машинисінен радиобайланыс арқылы станция кезекшісіне келіп түскен хабар барлық қызметтерді аяғынан тік тұрғызды. 7-ші станциялық жолда аммиак толтырылған цистерна жолдан шығып кеткен... Станциядағы кезекші дереу орын алған келеңсіздік жайлы станция басшысына және пойыз диспетчеріне мәлімдеді. Апат салдарын жою жұмыстары басталып кетті. Осы сценариймен жүрген тактикалық оқу-жаттығуға аймақтағы Өрт сөндіру және Қалпына келтіру пойызынан бөлек станция мен дистанция теміржолшылары, жедел жәрдем қызметі қатысты.

Цистернадағы сұйықтықтың әсері өте күшті улы аммиак екені жүк тасымалдау құжаты арқылы анықталған соң апат туралы Жамбыл облысы санитарлық-эпидемиологиялық бақылау, облыстық экологиялық департаменттеріне хабарланды. Бұл уақытта апат салдарынан аммиак толтырылған цистернада сызат пайда болып, сұйықтық сыртқа төгіліп, бу бөліне бастаған болатын. Сондықтан апат салдарын жоюға қатысқан барлық құрылымдық қызметтер арнайы киім мен қорғаныс құралдарын пайдаланды. Олар өздеріне жүктелген міндетті асқан жауапкершілікпен белгіленген уақыт ішінде атқарып шықты.

«ҚТЖ – Жүк тасымалы» ЖШС Жамбыл бөлімшесінің бас инженері Дүйсенбек Сыдықов өндірістік ортада жұмыс істейтін теміржолшылар кез келген сынаққа дайын болуы керек екенін айтты.

– Машинистердің өзі мұндай жағдайда қандай инструкцияға сүйеніп, қалай әрекет ету керегін білуі керек. Олай болмаған жағдайда оның салдарын жою қиындай бермек. Бүгінгі оқу-жаттығу жиынына Жамбыл магистральдық желі және Жүк тасымалы Жамбыл бөлімшесінің мамандары күш жұмылдырды. Жергілікті атқарушы органдардың тиісті ведомстволары да түгел тартылды. Олардан келген арнайы мамандар күшінен бөлек, бір өрт сөндіру және қалпына келтіру пойыздарымен бірге 24 маман өз міндеттерін ережеге сай атқара білді. Жамбыл жол дистанциясы, Жамбыл электрмен жабдықтау дистанциясынан 30 жұмысшы, Жамбыл белгі беру және байланыс дистанциясының мамандары да дер кезінде өз орындарынан табылды, – дейді бас инженер.

Кәсібилік қай салада да қажет. Ал жауапкершілік пен өз міндетіне адалдық – басты талап. Теміржол саласында ең алдымен ескеріліп, үйретілетін ережелер еңбек қауіпсіздігін сақтау жолдары болса, тактикалық жоспарларды орындауға дайындығы осындай арнайы оқу-жаттығуларда тексеріледі.

*Суретті түсірген автор*

## БЕЙНЕУДЕГІ БЕЙМАЗАЛЫҚ...

Атыраудан бес жүз шақырым жердегі Бейнеуде жұмысшылардың жағдайына жеткілікті көңіл бөлінбей отыр. Бұл туралы теміржолшылардың өтініш-арызын қараған «Қазкөліккәсіп» ҚБ Атыраудағы өкілі Боранбай Қамиев мәлім етті.

**Қосұйым МҰҚАШЕВ,**  
Атырау

Өңгіме Атырау магистральдық желі бөлімшесінің ШЧ-11 Құлсары дистанциясына қарасты Бейнеу-Тассай, Бейнеу-Оазис желілік учаскесіндегі байланысшылар туралы болып отыр...

Кәсіподақ төрағасымен бірге жұмысшылармен кездесіп, жағдайды «көзбен көріп, қолмен ұстап» көру үшін Бейнеуге ат басын тіредік. Жұмысшылардың мәлімдеуінше, астарлы мәселе аз емес. Оларды ең алдымен жұмысқа қатынайтын көлік мәселесі қиындайтын көрінеді. Құлсары белгі беру және байланыс дистанциясына қарасты Бейнеу байланыс бөлімінің қызмет көрсету учаскесі 463-разъезден Оазис станциясына дейінгі 175 км жолдық. Бейнеу-Тассай аралығы да кіреді. Ал екі ортада жұмысқа қатынау үшін оларға көлік мүлдем ұйымдастырылмаған. Өз көлігімен баруға тағы болмайды, өйткені алда-жалда жолда апат болса, мекеме жауапкершілік алмау үшін солай бұйрық беріп, жұмысшылардың бәрінен қолхат жаздырып алған. Сондықтан 8 сағаттық жұмысқа пойызбен ғана қатынауға рұқсат. Ал пойыз шұбырып жатқан жоқ, таңертең барып, кешке қайтып келетін жағдай болмаған соң, жігіттер бес күн отбасын көрместен сол жұмыс орнында не тамыр-танысының үйінде қона жатып жұмыс істейді. Тамақты да үйлерінен алып шығып, бес күн үш мезгіл соны талғажау етеді екен. Мекеме жол шығыны деп бар болғаны 2 АЕК қана төлейді. Одан басқа түнгі мезгілде жұмысқа шықса, ақы төленбейді, қосымша демалыс күні ғана беріледі. Жұмысшының келісімі бұл жерде ескерілмей тұр. Бұл ҚР Еңбек Кодексінің 85-бабы, 2-тармағына (Демалыс және мейрам күндеріндегі жұмыс) қайшы. Кадр бөлімі жұмысшыларға медициналық тексеруден де өз есептерінен өтуді талап етеді екен. Байқағанымыздай, бұл жерде көп нәрсе ұжымдық шартқа да, Еңбек Кодексіне де қайшы.

Сонымен қатар, 3, 4, 5 класты станцияларда тұратын не сол жерде жұмыс істейтін жұмысшыларға төленуі тиіс үстемеақы төленбейді және үстеме жұмыс үшін еңбек демалысына қосылатын күндер де қосылмаған. Іссапарға шыққанда ешқандай іссапар парақшасы мен тәуліктік төлем төленбейді, іссапарға бару туралы бұйрық та шықпайды. Сол себепті Құлсарыға не Мақатқа шақыртылған жұмысшылар әр үйді паналап, жатын жер іздеп тентіреп кететіндерін жасырмайды.

– Мен «Қызылскер» бекетінде станция кезекшісімін. Бізде жұмысқа қатынайтын көлік жоқ. Сол себепті жұмысшы пойызбен барып, таксимен қайтамыз, ол біз үшін қосымша шығын. Көбіне қонып қаламыз. Екінші мәселе, бес күндік жұмыс болғасын, башмақтар түнде және сенбі-жексенбі күндері қараусыз қалады. Ал бұл өте өрескел қателік. Тастанды пойыздар болған кезде де, не КТСМ «соқса», түнгі уақытта жұмысқа шақырады, ал біздің жұмысымыз 8 сағаттық деп бекітілген. Дұрысында мұндай жағдайда ауысымдық тәсіл оңды деп есептейміз, сонда әркім өз жұмыс уақытында барлық мәселеге жауапты болады, – дейді механик-кезекші Қайрат Қалиев.

Оның сөзін байланысшы Өмірбай Тоқтабаев та қолдады. «Жұмыс орнымыз тұратын жерімізден қашық болған соң көлік бөлу керек. Кейде түнде жұмысқа шақырады. Амал жоқ, міне салатын пойыз болмаған соң, жүріп тұрса өз көлігімен, болмаса көлік жалдап барамыз» дейді ол. Ал қауіпсіздік техникасы талабы бойынша егер жұмыс орны екі шақырымнан алыс болса, жұмыс беруші көлікпен қамтамасыз етуге міндетті. Алайда заңның бұл талабы да бейнеулік басшылық тарапынан орындалмай отырған секілді.

Экологиялық зиянды аумақта жұмыс жасағандары үшін еңбек демалысына 7 күн қосымша, денсаулығын сауықтыруға берілуі тиіс материалдық көмек те төленбейді дейді бейнеуліктер. Арнайы киімдер де уақытты берілмейді және қажетті өлшемдері табылмайды екен. Жұмыс орнын аттестациялау да жұмысшының қатысуынсыз «сырттай» жүргізіледі. Кәсіби жұмысын атқаруға қажетті

қыста жылы, жазда көлеңке пана болатын, ішінде тұрмысқа қажеттінің бәрі бар шағын үйшіктер жұмысшылардың да көңілінен шығып отыр.

– Ағымдағы жылы бөлімше жұмысшылардың санитарлық-тұрмыстық жағдайын жақсарту мақсатында «Қазақстан темір жолы» ҰК АҚ филиалы Магистральдық желі дирекциясының Еңбекті қорғау, өндірістік қауіпсіздік және экология департаментінің тапсырысымен алынған 28 модульмен қамтамасыз етілді. Мо-

доль жұмысшылардың іссапар кезінде демалып, тынығуы үшін қолайлы етіп жасақталған. Ішінде жуынатын орын, 4 жатын орын, үстел, орындықтар, теледидар, қысқатолқынды пеш бар, шөйнек, ауа салқындатқыш, тоңазытқыш, тоқ пеші, ыдыс жуатын орын, киімге және ыдысқа арналған

сөрелер, ыдыс-аяқ, басқа да тұрмыста керекті бұйымдармен жабдықталған. Мүмкіндікті пайдаланып отырған жұмысшылар да дән риза, – дейді Маңғыстау магистральдық желі бөлімшесінің еңбекті қорғау және экология секторының басшысы Тілектес Қондыбаева.

Жоғарыда аталған жаңа тұрғын модульдер Маңғыстау белгі беру және байланыс дистанциясы бойынша электр орталықтандыру посттары мен №1-16 аралығындағы 12 бекет «Р» бекеті аралықтарына қойылған. Ал Бейнеу жол дистанциясына тиесілі модульдер Сағыр, Сәнікбай, Тоқсанбай, Сарша, Ноғайты, Теректі, Ақжігіт, Үстірт, Сай-Өтеc станциялары мен бекеттеріне орнатылған.

Алдағы уақытта мұндай модульдер Маңғыстау жол дистанциясына да келеді деп күтілуде. Дистанцияға биыл 2 данасын жеткізу жоспарланған екен.

*Суретті түсірген автор*

## Еңбек қорғау

### ЖАҢА МОДУЛЬДЕР ЖЕТКІЗІЛУДЕ

Түбек теміржолында Маңғыстау магистральдық желі бөлімшесіне қарасты учаскелер су жаңа модульдермен қамтылуда. Өткен жылдан бері бөлімше аумағындағы бірқатар телімдерде пайда болған осындай үйшіктер бүгінде өз функциясын атқарып отыр.

**Шахида ЖҰМАН,**  
Маңғыстау

Қазір бұл көпфункционалы қолдануға арналған үйшіктер Бейнеу жол дистанциясы мен Маңғыстау белгі беру және байланыс дистанциясы жұмысшыларының қажетіне жарап тұр. Өткен жылы Бейнеудегі ПЧ-12 мекемесіне 15 модуль орнатылған еді. Биыл енді ПЧ-10 бекеттеріне 13 дана осындай үйшік жеткізіліп, орнатылды. Жыл он екі ай телім бойында жұмыс істейтін теміржолшыларға

қыста жылы, жазда көлеңке пана болатын, ішінде тұрмысқа қажеттінің бәрі бар шағын үйшіктер жұмысшылардың да көңілінен шығып отыр.

– Ағымдағы жылы бөлімше жұмысшылардың санитарлық-тұрмыстық жағдайын жақсарту мақсатында «Қазақстан темір жолы» ҰК АҚ филиалы Магистральдық желі дирекциясының Еңбекті қорғау, өндірістік қауіпсіздік және экология департаментінің тапсырысымен алынған 28 модульмен қамтамасыз етілді. Мо-



доль жұмысшылардың іссапар кезінде демалып, тынығуы үшін қолайлы етіп жасақталған. Ішінде жуынатын орын, 4 жатын орын, үстел, орындықтар, теледидар, қысқатолқынды пеш бар, шөйнек, ауа салқындатқыш, тоңазытқыш, тоқ пеші, ыдыс жуатын орын, киімге және ыдысқа арналған

## САПАЛЫ, ҚОЛАЙЛЫ, ҚАУІПСІЗ БОЛУЫ ШАРТ

Еліміздегі үздік жұмыс беруші үштігіне кіретін «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы өндірістік қауіпсіздік пен еңбек қорғау мәселесіне ерекше көңіл бөледі. Бұл мәселеде теміржолшылардың арнайы киіммен қамтамасыз етілуі маңызды.

**Сұлугүл БАКЕСОВА,**  
Астана

Сала мамандарының сөзіне сүйенсек, ұлттық компания жеткізушіге тапсырыс берер алдында арнайы киімдердің теміржолшылардың кәсіби мен жұмысына лайықты болуын басты назарға алып, сәйкесінше қатаң талаптар тізілген тізімді ұсынады. Яғни теміржолшыларға арналған арнайы киімдер барлық қажетті пайдалану талаптарына жауап берулері тиіс, тозуға, аязға және ыстыққа төзімді болумен қатар адам терісіне залал келтірмеуі, жұмыс барысында қолайлы әрі емін-еркін тыныс алуға кедергі жасамауы керек. Қысқасы, компания озық халықаралық стандарттардың сақталуы мен орындалуына мүдделілік танытады.

«Теміржолшылардың арнайы киімі жалпы өндірістік ластану мен механикалық әсерлерден, сондай-ақ адам өмірі мен денсаулығына қауіпті химиялық заттар, электростатикалық



зарядтар, тағысын тағы зиянды дүниелерден қорғау керек. Тағы бір атап өтерілі, ҚТЖ компаниясының танымалдылығын арттыратын брендті ілгерілету мен корпоративтік стильдің сақталуы аса маңызды», – дейді Магистральдық желі дирекциясына қарасты Материалдық база департаментінің менеджері Рустам Төкенов.

Оның айтуынша, ҚР Еңбек Кодексіне сәйкес өндірісте жұмыс істейтін теміржолшыларға арнайы киім, аяқ киім және жеке



құрал-саймандар жеткіліксіз. Міне, жұмысшылар осылардың бәрі мекеме тарапынан оң шешімін тапқанын қалайды. «Қазкөліккәсіп» ҚБ Атырау өкілдігінің төрағасы Боранбай Қамиев осы мәселелерге қатысты Атырау магистральдық желі бөлімшесіне қызметтік хат жолдағалы да біраз уақыт өткен...

Біз Атырау магистральдық желі бөлімшесі бастығының орынбасары Аманқос Жылқыбаевтан осы жайтқа қатысты түсінік беруін сұраған едік. Оның айтуынша, көлкіпен қатынауға қажеттілік жоқ, өйткені жұмысшылар станция-разъезде қаламаңы пойызбен барады, ал ол үшін маршрут ақысы төленеді. Демалу, тамақтану орындары қаңылтырдан салынған модульді үй бар. Қосымша жұмысқа түнде тек «толаскез» кезінде ғана шақырылатынын, ол үшін демалыс күн берілетінін, ал башмақтар құлытталуы тұратынын, тек керек кезінде алынатынын алға тартты.

Атырау магистральдық желі бөлімшесі кадр бөлімшесінің басшысы Анар Жалғасбаева мен ШЧ-11 дистанциясының бастығы Жылқыбаевтан жұмысшылар тарапынан айтылып отырған мәселе мүлдем жаңсақ дейді. Штаттық кесте бойынша 8 сағат жұмыс жасағандарға мейрам, түнгі ауысым төленбейді. Ал қалған заңмен қаралған барлық төлем: кластық, экология, зиянды жұмыс, материалдық көмек, т.б. төленіп отыр. Екі адамнан екі тәулік жұмыс істейді, бірі күндіз, бірі түнде. Сосын екі тәулік үйіне келіп демалады. Ал Бейнеу басынан ешкім іссапарға жіберілмеген, Құлсарыға разъездерге бұсратқа төсегенде ғана шақыртылған дейді.

Міне, қос тараптың пікірі осындай. Пайымдап қараған адамға бұл жерде шешілмейтіндей күрделі мәселе жоқ. Бәрі де жұмыс барысында шешілетін ағымдық жайттар деуге болады. Бұл жерде жетіспей тұрғаны, басшылық пен жұмысшылар арасындағы диалог, қарым-қатынас нашар. Аманқос Жылқыбаев жуырда Бейнеуге барып, жұмысшылармен кездесетінін жеткізді. Яғни, мақаланың жалғасы бар...

*Суретті түсірген автор*

сөрелер, ыдыс-аяқ, басқа да тұрмыста керекті бұйымдармен жабдықталған. Мүмкіндікті пайдаланып отырған жұмысшылар да дән риза, – дейді Маңғыстау магистральдық желі бөлімшесінің еңбекті қорғау және экология секторының басшысы Тілектес Қондыбаева.

Жоғарыда аталған жаңа тұрғын модульдер Маңғыстау белгі беру және байланыс дистанциясы бойынша электр орталықтандыру посттары мен №1-16 аралығындағы 12 бекет «Р» бекеті аралықтарына қойылған. Ал Бейнеу жол дистанциясына тиесілі модульдер Сағыр, Сәнікбай, Тоқсанбай, Сарша, Ноғайты, Теректі, Ақжігіт, Үстірт, Сай-Өтеc станциялары мен бекеттеріне орнатылған.

Алдағы уақытта мұндай модульдер Маңғыстау жол дистанциясына да келеді деп күтілуде. Дистанцияға биыл 2 данасын жеткізу жоспарланған екен.

*Суретті түсірген автор*

қорғану құралдары жұмыс беруші компания тарапынан сатып алынады. Ал сатып алу іс-шарасы қалайша жүзеге асырылады дейтін болсақ, алдымен олар тиісті материалдық базаларға келіп түседі. Оларды қабылдау үшін жергілікті жерлерде еңбек қорғау және қауіпсіздік қызметі мен кәсіподақ комитетінің өкілдерінен комиссия құралады. Өз кезегінде комиссия сәйкестік сертификаттың, сынақ актісі мен өзге де нормативтік құжаттардың міндетті түрде болуын тексереді. Әрбір жиынтықта мөрделеу, бекітілген киім үлгісі болады.

Мамандардың айтуынша, арнайы киімнің сапасын жақсарту үшін ұлттық компания жыл сайын еңбеккерлер арасында сауалнама жүргізіп, оның нәтижесі бойынша ескертулер мен ұсыныстарды қабылдап келеді.

– Еңбек қорғау – тұрақты аттестацияны, нұсқама өткізуді, еңбек қызметінде қорғану әдістері мен тәсілдерін оқытуды талап ететін үлкен кешенді іс-шара. Сондықтан арнайы киім, аяқ киім және жеке қорғану құралдарымен қамтамасыз ету барысында қауіпсіз еңбектің ұйымдастырылуын ескеру – міндетті компоненттің бірі. Мұның бәрі өндірістік апаттар мен жазатайым оқиғаларды алдын алуға бағытталып отыр, – дейді Семей материалдық-техникалық базасының басшысы Е.Чукеев.

*Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК*



## В АКТИВЕ – ЗНАНИЯ



ОБУЧЕНИЕ

**В Центре обучения и развития работников АО «НК «КТЖ» завершили курсы для второй группы слушателей - ревизоров по безопасности движения поездов. Занятия в комбинированном формате с привлечением внешних и внутренних тренеров компании прошли около 50 железнодорожников.**



**Айлин БАУРЖАН,**  
Астана

Специально разработанная корпоративная программа развития ревизоров по безопасности движения АО «НК «КТЖ» «Қауіпсіздік сақшылары» позволит обеспечить безопасность движения поездов и повысить уровень производственной безопасности через развитие профессиональных компетенций, личной и командной эффективности.

Главный инженер – директор департамента технической политики АО «НК «КТЖ» Батыр Котырев и старший HR бизнес-партнер Асель Актау провели мастер-класс, рассказали о

необходимости постоянного развития, как ключевого фактора в современном мире.

Программа разработана на основе матрицы профессиональных компетенций работников ревизорского аппарата с учетом их функциональных обязанностей и предусматривает развитие личностно-деловых навыков.

– Обеспечение безопасности движения поездов всегда остаётся задачей номер один для железнодорожников. Этот серьёзный вопрос ревизоры стараются решить через повышение культуры безопасности. Поэтому в компании делают ставку на постоянное саморазвитие, обучение и закрепление полученных знаний работников на практике. Только развиваясь,

можно решать новые сложные вопросы. Ведь важно эффективнее работать на предупреждение, а не по последствиям, – отметил директор департамента безопасности движения АО «НК «КТЖ» Марат Шакемов.

Для обучения привлечены внутренние тренеры компании и эксперты из Корпоративного университета РЖД, Академии логистики и транспорта Казахстана, которые познакомили участников с новыми инструментами по предотвращению нарушений безопасности движения и управлению рисками.

